

Құрметті клиенттер!

Банк ВТБ (Қазақстан) осы арқылы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банк Басқармасы бекіткен (2021 жылғы 10 наурыздағы № 16 хаттама) (заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) үшін) Ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) 1.7-тармағына сәйкес осы Шартқа қосылған және оның талаптары бойынша ағымдағы шоттар ашқан банк клиенттерін 2024 жылғы 22 қаңтардан бастап Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша банк тарифтерінің мөлшерінің өзгеретіні туралы хабардар етеді, атап айтқанда:

1) Қазақстан шегінен тыс жерлерге ұлттық валютада (теңгемен) сыртқы аударым үшін комиссиялық сыйақы – *1% min 15500 KZT*;

2) экспорттық валюта шарты бойынша теңгемен Кіріс төлемді өндегені үшін комиссиялық сыйақы (ҚҚС есебімен) – *1% min 6000 KZT*;

3) экспорттық валюта шарты бойынша шетел валютасымен Кіріс төлемін өндегені үшін комиссиялық сыйақы (ҚҚС есебімен) – *6000 KZT*;

4) қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйелері бойынша Қазақстан шегінен тыс жерлерге ұлттық валютамен (теңгемен) сыртқы аударым жасағаны үшін комиссиялық сыйақы – *0.2% min 6500 KZT*.

Шарттың талаптарына сәйкес хабарлама орналастырылғаннан кейінгі үшінші жұмыс күні сіз банкке уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды жіберуге құқылысыз.

Шарттың 1.7-тармағына сәйкес хабарламаны орналастырғаннан кейінгі үшінші күні сіздің уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды банктің алмауы сіздің Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша банк тарифтерінің мөлшерімен келіскеніңізді куәландыратынын және өзгертілген шарттармен Ағымдағы шотты пайдалануға сіздің ерік білдіруіңіздің жеткілікті растамасы болып табылатынын назарыңызға саламыз. Мұндай келісім толық және сөзсіз деп танылады.

Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Тарифтерге енгізілген өзгерістер (2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 33/2023 шешім) Интернет желісінде www.vtb-bank.kz адресі бойынша банк сайтында орналастырылған.

Құрметпен, Банк ВТБ (Қазақстан)